

**АБАЙ -ДАРА, АБАЙ -ДАНА ҚАЗАҚТА****Манабаев Нүркелді**

Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институты Қазақ тілі мен әдебиеті бағытының 2-курс студенті

<https://doi.org/10.5281/zenodo.6636381>

**Аннотация.** Абай Құнанбаев – қазақ ақыны, музыкант, халық ағартушысы, ойшыл, қоғам қайраткері, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы және оның тұңғыш классигі, еуропалық мәдениетті ислам мәдениетінің алдыңғы шебіне шығару рухындағы мәдени реформатор.

**Кілтті сөздер:** қазақ ақыны, музыкант, халық ағартушысы, ойшыл, қоғам қайраткері, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы.

**АБАЙ-ДАРА, АБАЙ-ДАНА НА КАЗАХСКОМ**

**Аннотация.** Абай Құнанбаев — казахский поэт, музыкант, народный просветитель, мыслитель, общественный деятель, основоположник казахской письменной литературы и её первый классик, реформатор культуры в духе сближения с европейской культурой на основе культуры просвещённого ислама.

**Ключевые слова:** казахский поэт, музыкант, народный просветитель, мыслитель, общественный деятель, основоположник казахской письменной литературы.

**ABAY-DARA, ABAY-DANA IN KAZAKH**

**Annotation.** Abai Kunanbaev is a Kazakh poet, musician, public educator, thinker, public figure, founder of Kazakh written literature and its first classic, a cultural reformer in the spirit of bringing European culture to the forefront of Islamic culture.

**Key words:** Kazakh poet, musician, public educator, thinker, public figure, founder of Kazakh written literature and its first classic.

**КІРІСПЕ**

Әлемге әйгілі қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев - кең тынысты кемеңгер ақын, өз дәуірінің алтын арыстаны атанып келген әлі күнге дейін естен кетпей, басқа ұлттар қазақ десе ең алғашқы есіне түсетін кемеңгер ақындардың бірі. Қазақ халқының ұлы ойшылы, данышпан ақылгөйі, қазақ ұлтының данасы мен данышпаны Абай Құнанбаев, ерен ақын тамаша қоғам қайраткері ретінде, өз соңына өшпес із қалдырған біртуар азамат. Оның есімі қазақтың қанында мәңгі жасайды. Сондықтан да, ата-бабаларымыз:

Дүниеде қаладан қыш тас қалады,

Елге еткен адал еңбек іс қалады.

Ханнан тақ жақсыдан ат қалады,

Жақсының аты мәңгі есте сақталады - деп босқа айтпаған. Расымен де Абайдың есімі қазақтың ойында емес жүрегінде орналасқан. Сондай кең тынысты кемеңгер ақынның өмір жолына көз салсақ, ол 1845 жылы 10 тамыз күні қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Шыңғыстауы етегінде дүниеге келген.

**ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕМЕЛІКТЕРІ**

Болашақ ақын кең пейілімен, сабырлы мінезімен, өз абыройымен данқы шыққан ел анасы атанған кәрі әжесі Зеренің таусылмайтын алтын қазындай қадірлі ертегі-әңгімелерін тыңдап өседі. Абайдың азан шақырылып қойған есімі «Ибраһим» оны

жастайынан әжесі еркелетіп абай бол балам, абай қалқам, жығылма, сүрінбе абай бол деп еркелетіп жүріп, есімі Абай атанып кетеді. Оның білімге деген құштарлығын алдымен әжесі ертегі аңыздар айтып беріп ашқан болса, содан соң оның әбден жетілуіне өз анасы Ұлжанның қосқан үлесі мол болады. Ұлжан өте ақылды абысын-ажынға аса жайлы, мінезі өте жақсы, әзіл-қалжыңға шебер жөн-жобаға шебержан болған деседі. Құнанбай - 4 әйел алған адам. Оның бәйбішесі Күңкеден – Күдайберді, інісі Құттымұхамбетке айттырылып, қалыңдық кезінде жесір қалған соң өзі алған болатын, ал екінші әйелі: Ұлжаннан – Тәңірберді (Тәкежан), Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, үшінші әйелі Айғыздан – Халиолла, Ысмағұл туады. Қартайған шағында үйленген ең кіші әйелі Нұрғанымнан бала болмайды. Абай содан айтады: мен жалғыздықты көргенім жоқ “*Атадан алтау, анадан төртеу едім*” дейтіні осыдан. Ал әкесі Құнанбай Өскенбайұлы орта жасқа келгенде атқа мініп ел билеушілікпен айналысады да, дәл сол кезеңде Ресей отаршылдық үстемдігі қатаң түрде жүріп тұрған кезеңі болатын. Абай ең алғашқы білімді өз ауылындағы Ғабитхан деген молдадан сауатын асырады. Сосын 10 жасқа аяқ басқанда Семейдегі Ахмет Риза медресесінде үш жыл тағылым алып, медреседе негізінен араб, парсы тілдерінде, діни сабақ өтетін болған. Ол жерде үш жыл оқыған соң әкесі оны ауылға алдырады. Оның білімділігі мен зеректігін, ақыл-парасаты кең болғанын сезген Құнанбай, өз жанына алдырып ертең тұяқ басарым осы болады деп, өзімен атқа мініп, ел аралап, ел билеуді үйрете жүрмек болады. Бірақ жас ақынның ел билеуге деген ынтасы мүлде болмайды. Себебі қиналған қара халыққа жаны ашып әділетсіздіктерге көңіге алмайды.

#### **ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

Абайдың өзіне үлгі тұтатын бірнеше шығыс классиктері болатын: Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Науаи, Физули сияқты әлемге әйгілі ғұламаларға еліктеп өседі. Ол медреседе оқып жүрген кезінің өзінде осы ақындардың шығармаларымен танысып шығады. Ол өзінің ең алғашқы өлеңінде осыларға еліктеп «юзи раушан, көзі гауһар» деген өлеңін жазады. Ол медресенің үшінші жылында жанындағы орысша оқып жүрген достарына қызығып, ол да Семейдегі «Приходская школаға» қосымша оқуға түсіп, орысша сауатын ашпақ болады. Өкінішке орай бұл оқуды не бәрі үш ай-ақ оқиды да, үш айдан соң оны әкесі Құнанбай жанына алдырады.

Оның шығармашылығына тоқталсақ, ол 10 жасынан бастап өлең шығара бастайды. Оның ең алғашқы тырнақалды туындысы «Кім екен деп келіп ем түйе қуған» деген атты өлеңі. Ол 1870-1880 жылдар аралығында бірнеше өлеңдер жазады. Ал оның ең көрнекті үлкен шығармасы 1882 жылы жазылған «Қансонарда» деген атпен шығарылған. Ол шығармашылыққа орта жасқа келгенде яғни жасы қырықтан асқан кезде белсене түседі. Оның шығармашылығы үш жүйеге бөлінеді

- 1.Өз жанынан шығарған төл өлеңдері.
- 2.Ғақлия немесе (Абайдың қара сөздері)
- 3.Өзге тілдерден аударған өлеңдері.

#### **ТАЛҚАЛАУ**

Абайдың 176 дан астам өлеңдер жиындысы бар. Одан басқа 45 қара сөзі (Ғақлия), 3 үлкен поэмасы бар. Абайдың өлеңдері түрлі тақырыптарды қозғаған, солардың ішінде жұртқа әйгілі танылған төрт мезгілге арналған «Табиғат лирикасы» өлеңдері. Оқу білім жайында, махаббат жайында, би-болыстар жайында, өнер жайында тағы да басқа

тақырыптарды кеңінен қамтыған. Абайдың ең өзіне ұнағаны өлең-ән, күй шырқау болған, себебі 1897 жылы жазған өлеңі бар: «Құлақтан кіріп бойды алар»

Құлақтан кіріп, бойды алар  
Жақсы ән мен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсең, менше сүй.  
Дүние ойдан шығады,  
Өзімді өзім ұмытып,  
Көңілім әнді ұғады,  
Жүрегім бойды жылытып.  
Аңсаған шөлде су тапса,  
Бас қоймай ма бастауға?  
Біреу түртсе, я қақса,  
Бой тоқтамас жасқауға.  
Бір күйгізіп, сүйгізіп,  
Ескі өмірді тіргізер.  
Өмір тонын кигізіп,  
Жоқты бар қып жүргізер.

### **ҚОРЫТЫНДЫ**

Осы өленнің өзінен-ақақынның әнге деген құмарлығын ынтасын өте жоғары деңгейде екенін түсінсек болады. Ақынды бір бұл өлең саласында емес барлық әдеби салада үлкен белестерді бағындырған десек текке айтпағанымыз болар. Егер сен Абайды білмекші болсаң, Мұхтарға жүгін деп босқа айтпаған, әйгілі жазушы Абайдың барлық бастан кешіргендерін қағаз бетіне түсірген міне, осы Мұхтар Әуезов болады. Қазақтың тарихында осындай кемеңгер ағартушылар барына біз мақтанып та, марқайып та жүру әбден жарасады. Абай дегенде бүкіл әлем таниды деуім де шындыққа әбден жарасымды, себебі бұндай азаматтар қазіргі күнде жиі кездесе бермейді. Абайдың өзі көзден кеткенмен, қалдырған мұралары көңілде мәңгі сақталмақ!!

### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. Абай Энциклопедия 1995ж.
2. Әуезов М.О. Абай Құнанбаев (мақалалар мен зерттеулер).
3. Абай,1967; Абай тағлымы (әдеби – сын мақалалар мен зерттеулер).
4. Абай,1943; Ахметов З. Оқулық: “Қазақ әдебиеті” 10-сынып, 1998;
5. Х. Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетінің тарихың. Алматы 1997 ж.
6. М. Мекемтас «Абайтану тарихың. Алматы 1995 ж.
7. М. Әуезов «Абай Құнанбаевң. Ал. 1995 ж.
8. З. Ахметов «Абайдық ақындық әлемі». Ал. 1995 ж.
9. М. Әуезов «Абайтану дәрістеріне дерек көздерің. Ал. 1997 ж.